

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті» КЕ АҚ
ұйымдық құрылымдары қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

31 мамыр 2022 жыл

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы» 18.11.2015 жылғы Заңына, 16.10.2016 жылы бекітілген «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және 07.04.2021 жылы бекітілген «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүргізілді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі:
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның (бұдан әрі-Университет) Баскарма төрағасы-ректорының 09.03.2022 жылғы №48-нұсқаулық санды бұйрығы.

Ескерту:

Әкімшілік-шаруашылық қызметі департаменті жұмыс тобы сұратқан мәліметтерді уақытылы толық ұсынбағандықтан, жұмыс тобы:

- Әкімшілік-шаруашылық қызметі департаменті қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жақауды мамыр айына қайта жоспарлауды ұсынған.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:

1. Әкімшілік-шаруашылық қызметі департаменті.

Қызметіне талдау жүргізілетін уақыт аралығы:

2019-2020, 2020-2021 оку жылдары.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бағыттары:

1) ұйымдық құрылымдар қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ұйымдық құрылымдардың ұйымдастыруышылық - басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ӘКІМШІЛІК - ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІ

I. Құрылым қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында Әкімшілік-шаруашылық қызметі департаментінің Ережесі, лауазымдық нұсқаулықтар (Ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтардың жалпы саны -60), мемлекеттік сатып алушының жылдық жоспарлары (2019, 2020, 2021), штаттық кесте, орындалған

жұмыстар туралы актілер, 02.04.2021 жылы Директорлар кеңесі шешімімен (№2 хаттама) бектіліген «М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕ АҚ-ның бюджеттен тыс қаржы есебінен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қағидалары», мемлекеттік сатып алу туралы шарттар, т.б. ішкі құжаттар зерделенді.

1. Бюджеттен тыс қаржы есебінен мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру және өткізу тәртібі «М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕ АҚ-ның бюджеттен тыс қаржы есебінен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қағидалары» арқылы реттеледі. Мемлекеттік сатып алу процесінің алғашқы кезеңі - мемлекеттік сатып алушың жоспарын әзірлеу және бекіту. Университеттің ішкі актісінде (Қағида) мемлекеттік сатып алу жоспары тиісті қаржы жылына тауарлар мен қызметтерге қажеттілік негізінде жасалады деп көрсетілген. Бірақ құрылымдардың сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің қажеттілігі туралы ұсынысын жоспарға енгізуге қатысты анықтылық жоқ. Мысалы, тиісті қаржы жылының сатып алу жоспарына қажетті тауар немесе қызмет қажеттілігі туралы ұсыныс қай мерзімге дейін қабыланады, ұсыныс қандай талаптарға сәйкес келуі керек, техникалық сипаттамалар. Сатып алу жоспарын үйымдастырушы әзірлейді және бекітеді деген норма анықтауды қажет етеді, үйымдастырушы – Қоғам, Қоғам атынан сатып алу жоспарының жобасын дайындайтын субъект, талқыланатын алқалы орган және сатып алу жоспарына өзгеріс енгізу жиілігі нактыланбаған.

2. «Мемлекеттік сатып алулар туралы» КР Занына 15.11.2021 жылы енгізілген өзгерісті (2022 жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енді) басшылыққа алып, М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕ АҚ-ның бюджеттен тыс қаржы есебінен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қағидаларының 6 бөлім, 63 тармағына өзгеріс енгізу қажет. Себебі, Қағиданың 63 тармағында мемлекеттік сатып алушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізу үшін 4000 АЕК шекті мөлшер ретінде анықталған, ал 2022 жылдың 1 қантарынан бастап бұл шекті мөлшер 8 000 АЕК-ке өзгерген.

Тәуекелдер:

1. Мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарын әзірлеу, бекіту және өзгерту процесі ашықтығының жеткіліксіздігі;
2. Мемлекеттік сатып алуларға қатысты ішкі акті нормасы мен осы саладағы мемлекеттік заңнама нормасы арасындағы қайшылық;

II. Құрылымның үйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Құрылымның үйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі келесі бағыттар зерделенді:

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Штаттық кестеге сәйкес, департаментте штат саны- 466.

Департамент құрамында келесі құрылымдар бар:

- 1) Департамент;
- 2) Коммуналдық-шаруашылық қызметі және спорт ғимараттарын пайдалану бөлімі;
- 3) Техникалық –пайдалану бөлімі;
- 4) Құрылыш-жөндеу бөлімі;
- 5) Мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі;
- 6) Автокөліктеге қызмет көрсету бөлімі;
- 7) Төтенше жағдайлар штабы мен еңбекті қорғау бөлімі;
- 8) Медициналық қызмет;
- 9) Студенттерді тамактандыру комбинаты;
- 10) АгроОнеркәсіптік кешен;
- 11) Өндірістік-техникалық және смета бөлімі.

Тәртіптік жаза қолдану: 07.06.2021 жылғы №532-жк санды бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64, 65 баптары және ҚР БЖФМ-нің 11.05.2021 жылғы №14-2/909-ВН хаты негізінде берілген уақытта жер участелерін, жылжымайтын мүлік объектілеріне түгендеге жүргізбегені, Жер кодексіне сәйкестендіре отырып, бухгалтерлік балансқа уақытылы енгізбегені үшін департамент директоры О.Акимжановқа «сөгіс» берілген, қызметкерлерге қатысты жұмыс беруші бастасымен еңбек шартын бұзу фактілері орын алмаған.

2) Мұдделер қақтығысын реттей.

Бос лауазымдарды атқару барысында бір-біріне тікелей бағыныстырылғанда жұмыс жасайтын, жасаған жақын туыстар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар – анықталған жоқ.

3) Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру.

Мемлекеттік сатып алушың веб-порталы арқылы 2019, 2020, 2021 жылдарға арналған мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарларына талдау жасалды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мемлекеттік сатып алу веб- порталымен интеграцияланған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дереккорына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу көлемі туралы мәліметтер зерделенді.

2019 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы құны - 1 664 185 357.62 теңгені құрайтын 585 сатып алу шарты түзілген.

Оның ішінде 295 сатып алу шарты – «Мемлекеттік сатып алушар туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен, 270 - баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, 7 - конкурс, 13 – өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алушар туралы» 04.12.2015 ж Заңының 39-бабының 3 тармағының 29 тармақшасы негізінде

тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің "Еңбек"шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Шымкент" филиалымен жалпы құны - 258 973 120 теңгеге 8 сатып алу келісім шарты түзілген.

Келісім шарттар мәні: стеллаждарды дайындау бойынша жұмыстар, бір түмбалы үстел жасау бойынша жұмыстар, компьютерлік үстел дайындау бойынша жұмыстар, қағаздарға арналған шкаф дасау бойынша жұмыстар, т.б. Аталған 8 сатып алу келісім шарттарының басым бөлігінің мәртебесі (статусы) мемлекеттік сатып алу веб-порталында «әрекетте» деп көрсетілген.

2020 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы құны - 2 918 137 719.03 теңгеге 513 сатып алу шарты түзілген. «Мемлекеттік сатып аулар туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес тікелей бір көзден сатып алу тәсілімен – 388 келісім шарт, баға ұсыныстарын сұрату арқылы – 94, конкурс тәсілімен – 1, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен - 30 шарт жасалған.

Жалпы алғанда 2020 жылы жасалған мемлекеттік сатып алу келісім шарттары арасында да статусы «әрекетте» деп көрсетілген, яғни орындалғаны немесе шарттың бұзылғаны анық емес келісім шарттар бар.

2021 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы құны - 2 088 221 503.41 теңгеге 306 сатып алу шарты түзілген. Оның ішінде 225 келісім шарт «Мемлекеттік сатып аулар туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен, 78 – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, 1 – конкурс, 2 - өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен өткізілген.

ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:

1. М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕ АҚ-ның бюджеттен тыс қаржы есебінен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қағидаларында мемлекеттік сатып алу жоспарын әзірлеуге, бекітуге, өзгертуге қатысты нормаларды толықтыру;
2. «Мемлекеттік сатып аулар туралы» ҚР Заңына 15.11.2021 жылы енгізілген өзгерісті (2022 жылдың 1 қантарынан бастап қүшіне енген) басшылыққа алып, М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕ АҚ-ның бюджеттен тыс қаржы есебінен тауарларды, жұмыстар мен корсетілетін қызметтерді сатып алу Қағидаларының 6 бөлім, 63 тармағына өзгеріс енгізу;
3. Мемлекеттік сатып алудың веб-порталындағы шарттардың мәртебесін (статусын) қайта қарап, өзгерту;
4. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерін тиімді қолдану;

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШКІ ТАЛДАУ
ЖУРГІЗУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТОБЫНЫң
ҰСЫНЫСЫ:**

1. Талдамалық анықтаманы Басқарма төрағасы-ректорға ұсыну.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша Талдамалық анықтаманы алқалы түрде қарau.
3. Талдамалық анықтаманы университеттің интернет-ресурсына орналастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызмет және
жұмыс тобының жетекшісі

Г.Дулатова

Таныстым,
Бірінші проректор

К.Нұрманбетов